



ҚИТҮРҚЫЛЫҚ ҚАРМАҒЫ

6-БЕТ | ҚОҒАМ



АЙТМАТОВ ФЕСТИВАЛІНЕ АТТАНДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗІР ҚАЗАҚСТАНДЫ ӨРКЕНДЕТЕ ТҮСУ ҮШІН ТЫҢ СЕРПІЛІС ҚАЖЕТ. БІЗДІҢ АЛДЫМЫЗДА ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЙТА ТҮЗУ, САЯСИ ЖҮЙЕНІ ОДАН ӘРІ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ШЫН МӘНІНДЕ ӘДІЛЕТТІ ӘРІ ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ СІЯҚТЫ АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ТҮР. ОСЫ ОРАЙДА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗ ӘЛЕУЕТІН ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНУЫНА МҮМКІНДІК ЖАСАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ. МЕМЛЕКЕТ АДАЛ АЗАМАТҚА ТӘН ҚАСИЕТТЕРДІ БОЙЫНА СІҢІРГЕН ДАРЫНДЫ, ЕҢБЕКҚОР, ТАЛАПТЫ ЖАСТАРДЫ ӘРДАЙЫМ ҚОЛДАЙДЫ.

№146
(4579)
Сенбі
9 желтоқсан
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН



Есілдің жағасына елорда қонғалы ширек ғасырдан асты. 1997 жылдың 10 желтоқсан күні бұрынғы Ақмола қаласы ел астанасы мәртебесін алды. Осы күні мемлекеттік басқару органдары жұмыс күнін жаңа елордада бастады.

4

ЕЛОРДАНЫҢ ЕРЕКШЕ КҮНІ

СЫРҒАНАҚТАР МЕН МҰЗ АЙДЫНДАРЫ АШЫЛАДЫ

Астанада жаңа жылға дейін 60-қа жуық сырғанақ пен мұз айдыны дайындалады. Сырғанақтар мен мұз айдындарына кіру елорда тұрғындары мен қала қонақтары үшін тегін болады.

- «Жастар» сарайы,
- К.Ататүрік атындағы саябақ,
- «Қаламгерлер» аллеясы,
- Кенесары хан ескерткішінің жанындағы Есіл өзенінің жағалауы,
- «Қазақ елі» алаңы,
- Триатлон саябағы,
- Оқушылар сарайының аумағы,
- «Нұрлы жол» вокзалының аумағы,
- «Хан Шатыр»,
- «Азия Парк»,
- «Керуен» сауда-ойын сауық орталығы,
- ЭКСПО алаңы,
- Ботаникалық бақ,
- «Бәйтерек» монументі,
- Салтанат қақпасы,
- Нұржол бульвары,
- «Астана Балет» театры маңындағы аумақтар.



КӘСІПКЕРГЕ ЕСІК АШЫҚ

Астанада қаланың барлық кәсіпкерлік субъектілері үшін ашық есік күні өтеді.

Іс-шара аясында Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының жекелеген нормалары және www.hr.epbek.kz порталында жұмыс істеу тәртібі түсіндіріледі. Сондай-ақ порталға еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне кәсіпкерлердің қарамағындағы қызметкерлердің деректерін енгізуге болады.

Елорда әкімдігінің ұйымдастыруымен өтетін ашық есік күні 14 желтоқсанында сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін Бейбітшілік көшесі, 9-ғимарат, 326-кабинет мекенжайында өтеді.

Барлық сұрақтар бойынша 8 7172 55 68 90, 87754008002 телефондары арқылы хабарласу қажет.

БІР САҒАТТЫҚ БЕЛДЕУ БЕКІТІЛДІ

2024 жылдың 29 ақпанынан 1 наурызға қараған түні республикалық 3 қала мен 12 облыс аумағында жергілікті уақыт 1 сағатқа артқа ауыстырылады. Бұл жайында ашық НҚА-да жарияланған Үкімет қаулысының жобасында жарияланды.

Құжатта Қазақстан Республикасы аумағында уақыт есептеу Қазақстан Республикасының уақыт пен жиілік мемлекеттік алғашқы эталон ұдайы жүргізетін, сақтайтын әрі беретін сағаттық белдеулердің халықаралық жүйесі бойынша жүргізілетіндігі, еліміздің бүкіл аумағында 5-сағаттық белдеу қолданылатындығы айтылған.

«Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, Абай, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері 2024 жылғы 29 ақпаннан

2024 жылғы 01 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа ауыстырсын» делінген қаулы жобасында.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасында екі уақыт белдеуі (UTC+5, UTC+6) қолданылады. Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстары – 4-сағаттық белдеуінде (UTC+4+1). Астана, Алматы, Шымкент қалалары және қалған облыстар (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Түркістан, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Абай, Жетісу, Алматы) 5-сағаттық белдеуінде (UTC+5+1) жатады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 499.32 \$ USD/KZT 461.05 ₪ RUB/KZT 5.03 ¥ CNY/KZT 64.56

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№146 (4579) 09/12/2023 Сенбі



АРМЕНИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРИМЕН СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Армения Премьер-министрі Никол Пашинянмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастардың ынтымақтастық та қарқынды дәйекті дамып келе жатқанын атап өтіп, өзара байланыстарды нығайтуға белсенді саяси диалог және екі мемлекеттің үкіметтері мен парламенттері деңгейіндегі

ықпалдастық септігін тигізетінін айтты. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық та қарқынды дамып келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтау – Ереван – Ақтау бағыты бойынша әуе рейстерінің іске қосылуын оң бағалады. Соның нәтиже-

сінде бизнес-байланыстар мен туристік сапарлар айтарлықтай жаңдана түсті. Тараптар перспективті бағыттардағы, соның ішінде көлік, логистика және сауда салаларындағы қарым-қатынастарды одан әрі арттыру мәселесін талқылады.

АСТАНА ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика бар екені жөнінде мәлімет берілді. Биылғы 10 айдың ішінде бір триллион теңгеден астам инвестиция тартылған. Жыл соңына дейін жалпы сомасы 87,7 миллиард теңге болатын 25 инвестициялық жобаны, соның ішінде өңдеу өнеркәсібі саласында 14, білім және медицинаға қатысты 7, логистика бағытында 4 жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Бұл бастамалар 1,4 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысына жылыту маусымының барысы туралы да айтылды. Атап айтқанда, биыл күзде

«Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясының, «Тұран» газ жылу станциясының бірінші кезеңінің және үшінші ЖЭО-ның бірінші кезеңінің құрылысы аяқталды. Елорданың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін бұл нысандардың қуаты – сағатына 1140 гигакалория. Қала ұзақ уақыттан бері алғаш рет биылғы жылыту маусымында жылу энергиясына деген сұранысты артығымен қамтамасыз ететін болды.

Келесі жылы «Тельман» газ жылу станциясының бірінші және «Тұран» газ жылу станциясының екінші кезеңі пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Бұл нысандар қаланы қосымша 850 Гкал/сағат жылумен қамтуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандар (мектеп, жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үйлер, медициналық орталықтар) салу, құрылысы ұзаққа созылған нысандардың жөнінде баяндады. Атап айтқанда, келесі жылы елордада бес оқушылар сарайының, сондай-ақ мемлекеттік балабақшалардың құрылысы басталады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік инженерлік инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ЕУРОПА ОДАҒЫНА РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ

Мемлекет басшысы Еуропа Одағының Қазақстандағы елшісі Кестутис Янкаускасты қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы қарым-қатынастардың басым бағыттары қарастырылды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропа Одағымен стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайтуға бейімділігін, сондай-ақ еліміздің бастамасымен қолға алынған С5+ЕО форматы аясындағы көпжақты ынтымақтастықты одан әрі

ілгерілетуге ниетті екенін растады.

Бұдан бөлек, Президент саяси реформалардың табысты жүзеге асырылып жатқаны туралы айтып, демократияны нығайту ісінде Қазақстанның қолдағаны үшін Еуропа Одағына

ризашылығын білдірді. Кездесу барысында аса маңызды шикізат материалдары, «жасыл» экономикалық өсім, көлік, логистика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ықпалдастыққа ерекше назар аударылды.

ЖЕТІ МЛН ТЕҢГЕ АУДАРДЫ

Инвестициялық қызметтен түскен табыс «Қазақ тілі» қоғамының жарғылық міндеттеріне жұмсалады.

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің президенті Рауан Кенжеханұлы Президенттің қабылдауында мемлекеттік тілді дамытуға арналған эндаумент қорын құруды ұсынғанын айтты. Бұл туралы ол Facebook парақшасында жазды.

«Тіл жанашырларынан, қазақ қауымынан сүйінші сұрап ретім бар. 12 қазан күні Президенттің қабылдауында мемлекеттік тілді дамытуға арналған эндаумент қорын құруды ұсындым. Мемлекет басшысы ұсынысты қолдаған еді. QAZAQ TILI Endowment қорын құру, тіркеу, рәсімдеу шаралары жақында аяқталып, бүгін Қасым-Жомарт Кемелұлы сол қорға бірінші болып 7 миллион теңге көлемінде жеке жарна аударды» деп жазды ол Facebook-та.

Бұл қордың басты міндеті – мемлекеттік тілді қолдау және дамытумен айналысатын еліміздегі ең ірі ұйым – «Қазақ тілі» қоғамының тұрақты әрі

ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ету. Эндаумент қорының ерекшелігі – қорға жиналған қаржы жұмсалмайды. Қордағы қаражат басқаруға беріледі және инвестицияға құйылады.

«Инвестициялық қызметтен түскен табыс «Қазақ тілі» қоғамының жарғылық міндеттеріне жұмсалады. Әлем елдерінде білім беру мен әлеуметтік бағытта жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдардың тұрақты әрі ұзақ мерзімді қызметін қамтамасыз ету үшін эндаумент қорын құру тәжірибесі кең таралған. Қазір Жапониядағы ғылым мен технология қоры, сонымен қатар, Стэнфорд, Гарвард университеттерінің қорлары дүниежүзіндегі ең ірі эндаумент қорларының қатарына кіреді. Қазақстанда да ірі университеттер, мектептер мен коммерциялық емес ұйымдардың эндаумент қорлары сәтті жұмыс істеп келеді. QAZAQ TILI Endowment қорын беделді қоғам қайраткерлері,

ғалым-лингвистер мен мемлекет өкілдерінен құралған тәуелсіз қамқоршылар кеңесі бақылайды» деді ол.

Рауан Кенжеханұлының айтуынша, Мемлекет басшысы «Қазақ тілі» қоғамына қазақ тіліндегі медиа және баспа контентін көбейту үшін нақты жобалар мен шаралар кешенін жүзеге асыру, тілді оқыту мен үйрету әдістемесін жетілдіру, оқу сауаттылығы мен жазу мәдениетін дамыту, сонымен қатар, қазақ тілін қолдау мен тілді қолданатын қауымдастық аясын кеңейту мақсатында заманауи технологиялық шешімдерді кеңінен пайдалануды тапсырды.

«Президент көрсеткен үлгіні ел азаматтары, тіл жанашырлары, кәсіпкерлер кеңінен қолдайды деп сенеміз. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа ана тілімізге деген адал азаматтық ұстанымы, көрсеткен зор құрметі, жеке үлгісі үшін алғыс білдіреміз!» деді ол.

ПРЕЗИДЕНТ БАҒЫТЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҢҒЫРТУДЫ КӨЗДЕЙДІ

Францияның халықаралық геосаясатқа арналған L`Essentiel des relations internationales басылымында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің «Қазақстанның жасампаз күн тәртібі» деп аталатын мақаласы жарияланды.

Ерлан Қарин мақаласында өткен жылдың ішіндегі Қазақстан дамуының кейбір қорытындыларын айтады.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуды көздейтін бағытты мүлтіксіз жүргізіп келеді. 2023 жыл да ерекше болды және ол Қазақстан үшін реформалар аясында өтіп барады. Саясаттағы және экономикадағы президенттік реформалардың логикасы олардың үйлесімділігіне негізделген. Әр реформа, жаңа бастама бірін-бірі толықтыратын жүйелі сипатқа ие. Және де президенттік бағыттың барлық бағдары – саясат, экономика және идеология – бүкілі бірге елді жаңғыртудың бірегей бағдарламасын құрайды. Реформа процесінің маңызды ерекшелігі – қоғамның реформа дағды ықпалдастыққа ерекше «Халық үніне құлақ асатын мем-



лекет» тұжырымдамасы септігін тигізеді. Оны Қасым-Жомарт Тоқаев сонау 2019 жылы, өзінің президенттігі басталған кезеңде қалыптастырған болатын. Басты ұстаным ел дамуының барлық негізгі мәселелерінде қоғамдық пікірді ескере отырып,

теңгерімді, шоғырландырылған шешім қабылдауға негізделген. Бұл диалог және ымыра арқылы билік пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа моделін қалыптастырды» деп атап өтеді Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин.

ҚҰЖАТТАРЫ ЗАҢДАСТЫРЫЛДЫ

16 жыл бойы тұрғындар құжаты болмаған соң тіркеуге де тұра алмаған. Қазір оларға құжаттарын тапсыру жұмыстары жүріп жатыр.

Елордада 200-ден астам үй орналасқан «Нұр-бесік» шағын ауданы (Көктал 1 елді мекені) бар. Мұнда мыңнан астам адам өмір сүреді. Бұл шағын ауданда қала тұрғындары 2007 жылдан бері тұрып жатқанымен, 16 жылдан бері үйлеріне құқық белгілейтін құжаттары болмаған.

Сол себепті олар өз үйлеріне тіркеле алмаған. Осылайша олардың емдеу мекемелеріне тіркелуіне, балаларын балабақшаға, мектепке беруіне мүмкіндіктері болмады. Олар

достары мен туыстарының үйлеріне тіркелуге мәжбүр еді. – Нұр-бесік» шағын ауданының тұрғындары жер учаскелерін заңдастыру мәселесін бізбен өткен кездесулерде бірнеше рет көтерді. Бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылып, техникалық мәселелердің бәрі шешілді. Қазіргі уақытта тұрғындарға құқық белгілейтін құжаттарды беру рәсімі жүріп жатыр. Енді оларды ресми түрде елорда тұрғындары деп айтуға болады және 16 жылдан кейін тіркеле

алады. Шағын ауданды абаттандырумен де айналысып жатырмыз: сумен жабдықтау, су бұру, нөсер кәрізі, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау және т.б. инженерлік желілердің құрылысы бойынша жұмыс аяқталды. Сол сияқты көшелерге асфальт төселді, жарықтандыру бағаналары, 3 аялдама, интернет орнатылды, т.б. Біз қаланың елді мекендерін дамытуды ары қарай жалғастырамыз, – деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРАДЫ

Біздің елордамыз қарқынды дамып келеді және тұрғын үй мен әлеуметтік нысандар салуды ғана емес, автобус паркін кеңейтуді де қажет етеді. Астананың қоғамдық көлігіне 6 автопарк қызмет көрсетеді, оның ішінде 1 коммуналдық және 5 жекеменшік.



– Биыл елордалық мәслихат депутаттарының қолдауымен 400 заманауи автобус сатып алу туралы шешім қабылданды. 2023 жылдың басынан бастап Астанаға 289 автобус жеткізілді, оның ішінде 204 бірлік желіде жүреді, қосымша 111 бірлік автобус жақын арада жеткізіледі деп күтілуде, – дейді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Олардың бір бөлігі дизель-мен жұмыс істейді, екіншісі – электр қуатымен. Жаңа автобустардың түсуіне қарай олардың қолданыстағы маршруттардағы санын ұлғайту, сондай-ақ жергілікті тұрғындарға ыңғайлы болу үшін, ең алдымен, Астанамыздың тұрғын алаптарында жаңа бағдарларды іске қосу жоспарлануда.



ЕЛОРДАНЫҢ ЕРЕКШЕ КҮНІ

1997 жылғы 10 желтоқсан. Бұл – бүгінгі таңда Отанымыздың жүрегіне, тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Астана қаласының тарихындағы ерекше күннің бірі. Дәл осы күні қаланың орталық алаңында салтанатты іс-шара өтті. Жиналған қауым алдында Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Бүгіннен бастап Ақмола – Қазақстанның жаңа астанасы» деп жария етті. Осылайша, ел астанасын көшіру туралы бастама ресми жағдайда жүзеге асырыла бастады.

**Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ**

Осы күннен бастап қала тұрғындары үшін ғана емес, барша қазақстандықтар үшін тарихтың жаңа беті ашылды. Сарыарқаның сары аязы шытынап тұрса да, қаланың орталық алаңына жиналған ел-жұрттың жүзінен қуаныштың лебі сезіліп тұрды. Алаңда орнатылған биік мінбердің айналасына қала жұртшылығы ағылып келіп жатты... Сол кезде «Ақмола ақиқаты» (қазіргі «Astana aqshamy») аталатын газетіміздің тапсырмасымен біз де ертелетіп алаңда болған едік.

Президенттің сол кездегі орда-сынан (бүгінгі елорда әкімдігі) Мемлекет басшысы бастаған Парламент және Үкімет басшылары, қала әкімі мінберге көтерілді. Арқаның аязына қарамай, жандары марқайып тұрған жұрт шапалақ соғып тұрды.

Бір сәтте Республикалық ұланның оркестрі асқақ әуенді бастап, ер тұңғалы жауынгерлер көк байрақты желбіретіп, елтаңба мен Президент шандартын көтеріп, алаң ортасына келді. Елдіктің осы үш символын ұстаған айбынды сарбаздар алаңның дәл ортасына жетіп тоқтаған сәтте мемлекеттік әнұранымыз жаңа елордамыздың аспанында асқақтап сала берді. Жүрек тұсына қолын қойып толқыған жұрт марқайып тұрды.

Нұрсұлтан Назарбаев осы бір тарихи сәтте «Бүгіннен бастап Ақмола қаласы тәуелсіз Қазақстанның астанасы болады» деп жария етті. Бұл ақжолтай жаңалықты тағатсыздана күткен біз болсақ, аяздың қарығын елемей-ақ қол соғып жатырмыз.

Осы салтанат барысында есте қалған бір көрініс – соғыс пен еңбектің бейнеті мен зейнетін қатар көрген Мұқат Мейірманов пен Нұрғожа Оразов бастаған бір топ қария Мемлекет басшысына жаңа астананың символдық кілтін табыс етті.

Иә, кезінде біреуге жалған болған, біреуге арман болған Астана бүгінгі таңда төрткүл дүниеге танылған әсем қалаға айналды. Аумағы да, адамдары да еселеп өсті.

Global Peace Index зерттеуі бойынша Астана қаласының негізгі тартымдылығы былайша сипатталады.

Біріншіден, Астана қауіпсіз қала ретінде бағаланады. Бүгінгі таңда біздің елорда Орталық Азиядағы

ең қауіпсіз қалалардың бірі болып саналады. Көшелер мен қоғамдық орындардағы бейнекамералар арқылы бақылау жүйесі қалыптасқан.

Екіншіден, қаланың экономикалық әлеуеті жоғары. Астана 2017 жылы миллионер қала мәртебесін алды. Қала экономикасы серпінді және белсенді дамып келеді. Әсіресе, құрылыс саласы қала экономикасының негізгі өзегіне айналды. Қаланы салу және дамыту белсенді түрде жалғасуда. Астана инвестиция тарту, шағын және орта кәсіпті дамыту жағынан республика бойынша өте жоғары көрсеткіштер көрсетіп келеді. Астана Халықаралық Қаржы Орталығы да әлемдегі дамыған елдердің мүддесіне сәйкес мега жобалардың біріне айналды. Сонымен қатар қала маңындағы арнайы экономикалық-индустриалық аймақ қала экономикасын өркендетуге мүмкіндік беріп отыр.

Үшіншіден, Астана білім мен ғылымның орталығына айналып отыр. Қалада Назарбаев Университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан заң университеті және басқа да республиканың жетекші жоғары оқу орындары бар. Сонымен қатар, Астанада Физиология және іргелі медицина институты, Ядролық

физика институты және басқа да көптеген ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары жұмыс істейді. Елорданың білім және ғылым саласындағы басты жетістіктерінің бірі – әлемдік деңгейдегі олимпиадалардан жүлделі орындар иеленіп, халықаралық ЖОО-на тегін оқуға түсуге мүмкіндік беретін инновациялық, IT, физика-математикалық мектеп-лицейлер бар. Астана мектептерінің оқушылары Қазақстан бойынша бірнеше жыл бойы үздік танылып келеді.

Төртіншіден, Астана мәдени ошақтарымен, сондай-ақ халықаралық және республикалық іс-шараларды өткізетін ауқымды алаңға айналды. Астанада Қазақстанның тарихын көрсететін Ұлттық мұражай, Опера және балет театры, Астана қаласының бас мешіті, Ботаникалық саябақ, «Бәйтерек», «Хан Шатыр» секілді ғажайып ғимараттар, бұлардан бөлек, көптеген айрықша театр, спорт сарайлары, ойын-сауық орталықтары түрлі халықаралық форумдар мен жарыстарды өткізуге, халықтың көңілді уақыт өткізуіне мүмкіндік ашып отыр.

Бесіншіден, Астана жыл өткен сайын экологиялық таза әрі тұрғындарына қолайлы қалаға айналып келеді. Қалада қайта өңдеудің бір-

неше бағдарламасы іске қосылды. Қазіргі уақытта қала тұрақты даму индексі бойынша Қазақстанның ірі қалаларының арасында бірінші орында тұр. Сонымен қатар, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар инновациялар бағдарламалар іске қосылған. Осы іс-шаралар тұрғындар үшін таза ауа мен жайлы өмір сүретін қалаға айналуына мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, соңғы жылдары қала ішінде 100-ден аса қоғамдық кеңістіктер мен саябақтар пайда болды.

Алтыншыдан, Астана жаңа жұмыс орындары көп ашылатын қала болып отыр. Бұл ретте «Бос жұмыс орны жәрмеңкесі», «ЖОЛТАП», жастарға арналған арнайы бағдарламалар тиімділігін көрсетті. Соның нәтижесінде Астанада түрлі салаларда көптеген жаңа жұмыс орындары пайда болды. Ақпараттық-технологиялық индустрия бағытында Google, Microsoft, Cisco, Астана хаб, АХҚО және басқа да ірі технологиялық компаниялардың жаңа кеңселері ашылды. Бұл компаниялар жергілікті университеттермен серіктесіп, жергілікті білім беру мекемелеріне ғылыми-зерттеу қондырғылары мен жабдықтарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Жаңа жұмыс орындары тұрғындарға жаңа мүмкіндіктер туғызып, жаңа инвесторлардың назарын аударып отыр.

Жетіншіден, қалада ыңғайлы инфрақұрылым қалыптасып отыр. Қоғамдық көлік саны жыл сайын көбейіп келеді. Қалада велосипед, самокат, скутерлердің де еркін қозғалуға мүмкіндік берілген. Сонымен қатар ыңғайлы және тұрақты такси желісі дамыған. Қалада сонымен қатар халықаралық және ішкі рейстерге қызмет көрсететін әуежай мен екі теміржол вокзалы бар. Бүгінгі таңда ЛРТ жол үсті метросының құрылысы жүргізіліп жатыр.



Оспан СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ,
Қазақстан оқу-ағарту
ісінің үздігі, зейнеткер:

КӨЗ АЛДЫМЫЗДА КӨРКЕЙДІ

– 1994 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жоғарғы Кеңестің жалпы отырысында күтпеген ұсыныс жасағаны есімде.

«...Сіздердің қарауларыңызға республиканың өміріне, әсіресе алдағы болашағы үшін аса маңызды мәселені – еліміздің астанасын көшіру туралы мәселені қойғалы тұрмын. Алматы тәуелсіз мемлекеттің талаптарына қазірдің өзінде-ақ жауап бере алмайды. Сондықтан менің тапсырмам бойынша мемлекеттің жаңа астанасының орналасатын жерін анықтау мақсатында республиканың күллі аумағы егжей-тегжейлі тексеруден өткізілді. 32 параметр бойынша жүргізілген сараптама барлық нұсқалардың ішінде ең дұрысы Ақмола екенін көрсетті» деген еді сонда Нұрсұлтан Әбішұлы.

Бірақ елдің бәрі бұл ұсынысты қолдай қоймағаны да болды. Жоғарғы Кеңестің депутаттары қызу айтыс-тартыстан кейін Президенттің ұсынысына қолдау білдірді.

Енді бүгін қарап отырсақ, сол кезде қабылданған шешімнің дұрыстығы анық болып көрінеді. Менің ойымыша, бұл тек қана ел ішіндегі айтулы оқиға ғана емес, үлкен стратегиялық шешім болғаны сөзсіз. Айналырған 25 жылдың ішінде бұрынғы Ақмоламыз төрткүл дүние көз тіккен Астанамызға айналды. Қазір қазақтың елордасын бүкіл әлем біледі.

Өз басым осы қаланың байырғы тұрғынымын, сондықтан жас елордамыздың қалыптасу кезеңіндегі оқиғаларды жақсы білемін. Өмір бойы ұстаздық етіп келемін. Астананың көшірілетіні туралы жаңалықты ақмолалықтар үлкен қуанышпен әрі үмітпен қабылдаған еді. Бәрі де астана мәртебесімен бірге қалаға, жалпы өңірге жаңа тіршілік келді деп күтті. Әрине, солай болды да.

Уақыт алға озған сайын жаңа астанамыз халқымызды біріктіріп, топтастырды. Қазақстандықтар өз астанасын бүкіл ел болып бірге салды. Қала құрылыстарында еліміздің барлық өңірлерінен жүздеген құрылысшылар, мердігерлік ұйымдар келіп жұмыс істеді. Шетелдік компаниялар заулім ғимараттарды салуға үлес қосты. Жалпы, Астанаға қоныс аударушылардың негізгі бөлігі 1997 жылдың күзінде келе бастаған еді. Әлі есімде, 1997 жылғы 8 қарашада Ақмолаға мемлекеттік рәміздер эталондары жеткізілген болатын. Сонда біз де, барша қазақстандықтар да жаңа астананың болатынына шүбәсіз сенген болатын. Құдайға шүкір, бар қазақтың бас қаласына, Отанымыздың жүрегіне, тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Астана – бәріміз үшін мақтаныш, мәртебе. Сондықтан әрбір отандасымды елордамызды мақтан тұтуға, аялауға, асқақтатуға шақырамын. Иә, сол бір қыстың күні жүрегімізді жылытқан астананың көшіп келген күнінен бері қанша уақыт өтсе де әрбір ақжолтай оқиғалар ойдан кетпейді екен. Сондай естен кетпес оқиғаның бірі әрине, 1997 жылдың 10 желтоқсаны екені сөзсіз. Өйткені осы күннен бастап Қазақстанның жаңа елордасы – Астананың тарихы басталды.

 Сұлтан СЕЙІТ



№146 (4579) 09/12/2023 Сенбі



АРХИВ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бейбітшілік және келісім сарайында Астана қаласы әкімдігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігі Архивтер, құжаттама және кітап ісі комитетінің қолдауымен «Astana Archive Fest» халықаралық архившілер форумы өтті.



Іс-шара «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасы заңының және Астананың 25 жылдығына арналды. Оған мемлекет және қоғам қайраткерлері, тарихшы ғалымдар мен архив ісі саласындағы мамандар қатысты. Форумның ашылу салтанатында Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп жиынның маңызына тоқталып өтті.

«Елімізде «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заң 1998 жылы 22 желтоқсанда қабылданды. Бұл құжат ел игілігіндегі құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, асыл мұраларды болашақ ұрпаққа қаз-қалпында жеткізуге әрі зерттеуге жасалған маңызды қадам болды. Форум барысында мұрағат саласын цифрландыруды одан әрі дамыту, кейіннен практикада қолдануды ескере отырып, ғылыми-практикалық шешімдер

қаралады. Бұл ретте алыс және жақын шетел мемлекеттерімен архив ісі саласында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу мәселелері талқыланады» деді Сәкен Есіркеп.

Форумға мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мыңбай қатысып, архив ісі саласына қатысты заңды әлі де жетілдіру керек екенін айтты.

«Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заңның қабылданғанына 25 жыл толды дедік. Бірақ заңды әрқашан жетілдіріп отыру керек, бізге де заман талабына сай өзгеріс қажет. Осындай жиында сала мамандарымен бірлесіп, өзекті мәселелерге назар аудару керек деп ойлаймын. Сонымен қатар бізде архив ісіндегі материалдық-техникалық жағдайды жақсарту мәселесі әлі де өзекті. Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры әрбір облысымызда құрылса деп ойлаймын. Өйткені ол жазбалар ертең болашаққа қызмет етеді» деді Дархан Мыңбай.

Форум барысында архив ісін дамыту және жаңғырту, архив құжаттарын электрондық-цифрлық форматқа көшіру, архив құжаттарына қолжетімділік мәселесі және жоғары мамандандырылған кадрларды даярлау мәселелері талқыланды.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ



АЙТМАТОВ ФЕСТИВАЛІНЕ АТТАНДЫ

Астана қаласының «Жастар» театры мен Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдық мерейтойына арналған «Айтматов және театр» атты VI халықаралық театр фестиваліне қатысып жатыр. Айтулы фестиваль 12 желтоқсанға дейін Бішкек қаласында өтеді.

«Жастар» театры фестивалге Шыңғыс Айтматовтың «Жан пидида» трагедиясын ұсынады. Қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбай. Бұл туынды қырғыз классигінің «Жан пидида», «Жан азабы», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Ақ кеме» шығармаларының синтезінен құралған.

Ал Ә.Мәмбетов театры «Боранды бекет» спектаклімен

фестивалге қатысады. Осы қойылымның қоюшы режиссері, аталмыш өнер ұжымының бас режиссері Ұланмырза Қарыпаев жақында Қырғыз Республикасының Шыңғыс Айтматов атындағы мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды. Марапат оған «Қиялымдағы Қырғызстан» президенттік жастар форумы барысында тапсырылды. Фестивальден сүйінші жаңалықты күтеміз.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР КӨРМЕСІ

Ұлттық музейде «Әлем балалар көзімен» атты арнайы білім беруді қажет ететін балалардың суреттері мен қолөнер көрмесі өтті.



Көрмеге «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, «Жаснұр» құлағы нашар еститін жандар қауымдастығы, «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, «Нәсілдіе», «Ерекше мейрамдар», «Мүгедек балалар қоғамы», Астана қаласы әкімдігінің №2 арнайы мектебі, Астана қаласы әкімдігінің М.Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы және Астана қаласының №27, 80, 83 мектептерінен жалпы саны 50-ден аса балалар жұмысы қойылды.



ЧЕМПИОНДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

Ашық суда жүзуден өткен «Осеантап» халықаралық жарысында топ жарып, Қазақстан тарихында тұңғыш рет әлем чемпионы атанған елордалық Алпамыс Әмір елге оралды. Чемпионды қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, спортшының туған-туыстары, жанкүйерлері мен спорт саласының өкілдері қарсы алды.



Таиланд елінің Пхукет қаласында өткен байрақты бәсекеге әлемнің түкпір-түкпірінен барған 70 елдің спортшылары бас жүлдеге таласты. Жиырма жылдан бері үздіксіз өткізілетін халықаралық жарысқа Қазақстан атынан елордалық Алпамыс Әмір қатысты. Нәтижесінде жерлесіміз 2 шақырымдық қашықтықта Inspiration санаты бойынша қарсылас шақ келтірмеді. Алпамыс Әмір «Барыс» спорт кешенінде аптасына 6 рет жаттығады. Әлем чемпионатына ол биылғы сәуір айынан бастап тыңғылықты дайындалды. Еңбек өз жемісін берді.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №146

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ